

Әкімдіктің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 100 "Білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 ақпандағы № 60 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 ақпанда № 8970 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2019 жылғы 5 наурыздағы № 100 қаулысына (2019 жылғы 14 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8295 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

Әкімдіктің

2020 жылғы 11 ақпандағы

№ 60 қаулысына

қосымша

Әкімдіктің

2019 жылғы 5 наурыздағы

№ 100 қаулысымен

бекітілген

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№ р/с	Мамандықтар атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы		Оқу жылында 1 білім алушыға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
		күндізгі оқу	сырттай оқу	күндізгі оқу	сырттай оқу
				2020 жыл	2020 жыл
1	2	3	4	5	6
1	0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	250	75	276,0	276
2	0103000 Дене тәрбиесі және спорт	50		276,0	
3	0104000 Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)	125		301,2	
4	0105000 Бастауыш білім беру	280		276,0	
5	0301000 Емдеу ісі	125		443,0	
6	0302000 Медбикелік іс*	75		443,0	
7	0305000 Лабораториялық диагностика	25		443,0	
8	0306000 Фармация	25		443,0	
9	0402000 Дизайн (бейін бойынша) *	15		279,8	

10	0403000 Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы (бейін бойынша)	75		1014,8	
11	0404000 Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	26		989,9	
12	0405000 Хор дирижеры	5		1014,8	
13	0406000 Музыка теориясы	4		1014,8	
14	0407000 Ән салу *	8		1014,8	
15	0501000 Әлеуметтік жұмыс	25		279,8	
16	0502000 Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)	25		279,8	
17	0503000 Слесарлық іс*	25		279,8	
18	0506000 Шаштараз өнері және сәндік косметика*	50		300,9	
19	0508000 Тамақтандыруды ұйымдастыру*	100		322,3	
20	0510000 Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (қолдану аясы және салалары бойынша)	25		279,8	

21	0513000 Маркетинг (салалар бойынша)	150		279,8	
22	0514000 Бағалау	25		279,8	
23	0515000 Менеджмент (қолдану аясы және салалары бойынша)	25		279,8	
24	0601000 Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	25		279,8	
25	0706000 Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	50	15	300,9	300,9
26	0707000 Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	50	15	300,9	300,9
27	0711000 Маркшейдерлік іс	25		300,9	
28	0902000 Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	100		300,9	
29	0910000 Электр және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	50		300,9	
30	0911000 Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету			300,9	

	және жөндеу (50 түрлері бойынша)				
31	1107000 Көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары м е н жабдықтарын техникалық пайдалану ((салалар бойынша)	25		300,9	
32	1109000 Токарлық іс және металл өндеу (түрлері бойынша)*	75		300,9	
33	1112000 Өнеркәсіп машиналары м е н жабдықтарын пайдалану*	25		300,9	
34	1114000 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	100		343,7	
35	1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	225		300,9	
36	1203000 Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру ж ә н е қозғалысты басқару	25		300,9	
37	1211000 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	89		420,5	
38	1216000 Элеватор, ұн тартатын, жарма және құрама жем өндірісі	25		300,9	

39	1218000 Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары*	25		300,9	
40	1219000 Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі*	50		300,9	
41	1227000 Полиграфия өндірісі*	25		300,9	
42	1303000 Темір жол көлігіндегі автоматика, телемеханика және қозғалысты басқару	25		279,8	
43	1304000 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	250		279,8	
44	1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану*	328		394,9	
45	1402000 Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	50		300,9	
46	1403000 Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)*	105		322,3	
	1405000 Газбен қамтамасыз ету				

47	жабдыктары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	25		300,9	
48	1410000 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы	25		300,9	
49	1414000 Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)*	20		300,9	
50	1418000 Сәулет өнері	25		300,9	
51	1501000 Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу*	25		322,6	
52	1502000 Агрономия	25		322,6	
53	1504000 Фермер шаруашылығы (бейін бойынша) *	525		301,2	
54	1510000 Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	50		279,8	
55	1511000 Жерге орналастыру	25		279,8	
56	1513000 Ветеринария*	25		322,6	

Ескерту:

* ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.